

Солтүстік Қазақстан облысының елді мекендерінің атауларын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 312 бірлескен шешімі мен қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті 2007 жылғы 17 қаңтарда N 1635 тіркелді

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылды - бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.06.2017 № 242 қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 14.06.2017 № 14/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, аудандық мәслихаттар мен Ғабит Мүсрепов атындағы және Уәлиханов аудандары әкімдерінің ұсынысы бойынша тиісті аумақ тұрғындарының пікірлерін есепке алып Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

Ескерту. Кіріспеге орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 14.06.2017 № 242 қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 14.06.2017 № 14/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсрепов атындағы аудан Нежинск ауылдық округінің Западное ауылы Тоқсан би ауылы болып және Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округінің Озерное ауылы Тілеусай ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат хатшысы

Облыстық мәслихаттың XXVII

сессиясының төрағасы

Т. Мансұров

Е. Әубәкіров

С. Чепурко